

СИЛЛАБУС
2025-2026 оқу жылының күзгі семестрі
«K(R)YA1102. Қазақ тілі. (A1 деңгейі)»
білім беру бағдарламасы
1 курс

Пәннің ID және атауы	Білім алушының өзіндік жұмысын (БӨЖ)	Кредиттер саны			Кредит-тердің жалпы саны	Оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы (ОБӨЖ)	
		Дәрістер (Д)	Практ. сабақтар (ПС)	Зерт. сабақтар (ЗС)			
<u>K(R)YA1102. Қазақ тілі. (A1 деңгейі)</u>	6	-	3	-	3	7	
ПӘН ТУРАЛЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ АҚПАРАТ							
Оқыту түрі	Циклы, компоненті	Дәріс түрлері	Практикалық сабақтардың түрлері		Қорытынды бақылаудың түрі мен платформасы		
Оффлайн			Білім алушылардың практикалық коммуникативтік дағдыларын дамыту, түсіндірмелі-практикалық, талдау, сұрақ-жауап алу, интерактивті әдіс, кейс-стади (нақты жағдаяттарды сараптау), цифрлық білім беру құралдарын пайдалану		Жазбаша		
Дәріскер(лер)	Төлеева Назым Әділбекқызы Филология ғылымдарының магистрі, DBI докторы, аға оқытушы						
e-mail:	toleeva.nazym@mail.ru						
Телефоны:	8 (747) 333 96 79						
ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ							
Пәннің мақсаты	Оқытудан күтілетін нәтижелер (ОН)*				ОН қол жеткізу индикаторлары (ЖИ)		
Қарапайым A1 деңгейіндегі қазақ тілін шет тілі ретінде үйренушілердің айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым түрлері бойынша қатысымдық құзыреттерін қалыптастыру, сол арқылы қазақ тілін қарым-қатынас әрі таным құралы ретінде меңгерту. Пәнді оқытуда топтық әрі жеке жұмысқа	1. Амандасу, қоштасу, танысу, өзін-өзі таныстыру, алғыс айту, кешірім сұрау т.б. қарым-қатынас әдебіне қатысты қарапайым сөз орамдарын қолдануды; Буындап дыбыстауды, төл дыбыстарды меңгереді.				1.1. Буындап жазуды, дыбыстарды ажыратып оқуды үйренеді. Сөздерді, фразаларды дыбыстайды, қайталап оқиды. 1.2. Өзі туралы ақпарат айтады.		
	2. Мекен-жайды және орынды, ортаны, адамды, затты және оның сын-сипатын, оқиғаны, себепті, өзі және адам жайлы сипаттау, ақпарат беру, сұрау, хабарлауды;				2.1. Аты-жөні, мемлекеті, қаласы, тілі, туралы ақпарат жазады; 2.2. Өз мемлекеті туралы айту, сұрақтар қояды, жауаптарға талдау жасайды, сипаттайды.		

негізделген, ауызша, жазбаша мәтіндермен жұмысқа бағытталған интерактивті әдістер қолдану.	3. «Отбасы», «Менің досым», «Өзім туралы», «Жыл мезгілдері», «Оқу», «Уақыт және мезгіл» т.б. өзекті тақырыптарда, жағдаяттарда коммуникацияға қатысуды: университетте, үйде, отбасында, мұражайда, көлікте, қалада, көшеде, қоғамдық орында, сауда орталығында, дәмханада т.б.	3.1. Дыбыстырды ажыратады, сурет арқылы ақпаратты анықтайды. Танысып оқу, қайталап оқуды меңгереді. Тірек сөздерді дұрыс қолданып иллюстрацияларды сипаттайды. 3.2. Сурет арқылы ақпаратты анықтайды, оған сипаттама жасайды
	4. Оқылған мәтін бойынша және коммуникативтік міндеттерге сәйкес репродуктивтік сипаттағы жазбаша мәтіндер жазуды;	4.1. Сөздердің мағынасын түсінеді, сөздік жүргізеді, жаңа сөздерді пайдаланып ақпарат сұрауды үйренеді. 4.2. Мәтіннен негізгі ақпаратты табады. Тірек сөздерді, сөз тіркестерін жазуды игереді
	5. Ұсынылған тақырып пен коммуникативтік міндеттерге сәйкес байланысқан тілдесімдер жасауды (7 фразадан кем емес); Оқылған мәтін бойынша репродуктивтік сипаттағы монологтық тілдесімдер жасауды (мәтін көлемі 200 сөзге дейін, бейтаныс сөздер саны - 1%);	5.1. Шағын монолог, диалог құрастыру; көшіру, мазмұнын жазу, сұраққа жауап жаза алуды үйренеді. 5.2. Негізгі ақпаратты анықтайтын, сипаттау мәнді сөздерді таба алады.
	6. Сөйлеу әдебінің нормасын сақтай отырып диалогқа шығу, минималды тілдік тәжірибені пайдалана отырып коммуникативтік ойын жеткізуді үйренеді.	6.1. Серіктестің сөзін, оның коммуникативтік ойын түсіне алуды және оған лайықты жауап беруді меңгереді. 6.2. Ақпараттың шынайылығын анықтауды, рөлдік сұхбат құруды, шағын суреттеу жазылым жұмысын орындауды меңгереді.
Пререквизиттер	-	
Постреквизиттер	Қазақ тілінің А 2 деңгейі	
Оқу ресурстары	Негізгі әдебиеттер: 1. Досмамбетова Г.Қ., Балабеков А.К., Бозбаева-Хунг А.Т., Сейсенова А.Д. Қазақ тілі: қарапайым деңгейге арналған оқулық. Ұлттық тестілеу орталығы. – Астана, 2012. -164б. 2. Салкынбай А.Б., Егізбаева Н.Ж. Қазақ тілі. Базалық деңгей: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. Қосымша әдебиеттер:	

	1. Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О. Қазақ тілі: Орыс тілді топтарға арналған оқу құралы. – Астана, 2017. - 282 б. 2. Абдрахманова Ж.Ә. Қазақ тілі: Оқу құралы. – Алматы, 2015. - 112 б. 3. Ерназарова, З.С. Күзекова, А.О. Тымболова. Қазақ тілін оқытуға арналған грамматикалық анықтағышы. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2012. – 300 б. 4. Мұсаева Г. Қазақ тілі – шет тілі ретінде. Базалық деңгей: Оқу құралы. 1-кітап.– Астана:Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2015 – 242 бет. 6. Күзекова З.С. Қазақ тілі. Грамматикалық жаттығулар жинағы. – Нұр-Сұлтан: 2020. -175 б. 7. Күзекова З., Ақбұзауова Б. Қазақ тілі: Бастапқы деңгей (А1): Оқу құралы. – Астана: 2018. – 122 б. Интернет ресурстары: 1. Қазақ тілі шетелдіктер үшін. https://www.youtube.com/channel/UC4zbtSIXqFDJfAcPDn-Sc5Q Қазақ тілін ағылшын тілі арқылы оқыту сабақтары. Мақсат Иманғазының видеоканалы. 2. https://www.kaz-tili.kz/ «Казахский язык. Грамматика: просто о сложном». Т.Валееваның қазақ тілін үйренуге арналған сайты. Сайтта грамматика, грамматикалық кестелер мен грамматикалық, практикалық жаттығулар берілген. 3. https://tilqural.kz/ Қазақ тілін деңгейлік оқыту сабақтары. 4. https://sozdik.kz/ Қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздік. 5. https://soilem.kz/ Орысшадан қазақша аудару. 6. https://emle.kz/ Қазақ сөздерінің жазылуы, емлесі, орфографиясы, пунктуациясы туралы ақпарат. 7. http://learn101.org/kazakh.php Қазақ тілінің лексикасы (аудиосымен), грамматикасы, қазақша фразалар (аудиосымен) беріледі. 8. http://qazaqtili.el.kz/kazak-tili/ Қазақ тілі. Қарапайым, орта, жоғары деңгейлер бойынша 12, 14, 10 тарау, 60 сабақ берілген. 9. https://www.soyle.kz/ Soyletube - уроки казахского языка. Разговорный казахский для начинающих. Видео-сабақтар. Программалық жабдықтау: 1. http://elibrary.kaznu.kz/ru платформасы 2. google meet қосымшасы
--	--

Пәннің академиялық саясаты	Пәннің академиялық саясаты әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Академиялық саясаты мен және академиялық адалдық Саясаты мен айналысқан келеді. Құжаттар Univer ИЖ басты бетінде қолжетімді. Ғылым мен білімнің интеграциясы. Студенттердің, магистранттардың және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы – бұл оқу үдерісінің тереңдетілуі. Ол тікелей кафедраларда, зертханаларда, университеттің ғылыми және жобалау бөлімшелерінде, студенттік ғылыми-техникалық бірлестіктерінде ұйымдастырылады. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім алушылардың өзіндік жұмысы заманауи ғылыми-зерттеу және ақпараттық технологияларды қолдана отырып, жаңа білім алу негізінде зерттеу дағдылары мен құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған. Зерттеу университетінің оқытушысы ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін дәрістер мен семинарлық (практикалық) сабақтар, зертханалық сабақтар тақырыбында, силлабустарда көрініс табатын және оқу сабақтары мен тапсырмалар тақырыптарының өзектілігіне жауап беретін ОБӨЗ, БӨЗ тапсырмаларына біріктіреді. Сабаққа қатысуы. Әр тапсырманың мерзімі пән мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі. Академиялық адалдық. Практикалық/зертханалық сабақтар, БӨЖ білім алушының дербестігін, сыни ойлауын, шығармашылығын дамытады. Плагиат, жалғандық, шпаргалка пайдалану, тапсырмаларды орындаудың барлық кезеңдерінде көшіруге жол берілмейді. Теориялық оқыту кезеңінде және емтихандарда академиялық адалдықты сақтау негізгі саясаттардан басқа «Қорытынды бақылауды жүргізу Ережелері», «Ағымдағы оқу жылының күзгі/көктемгі семестрінің қорытынды бақылауын жүргізуге арналған Нұсқаулықтары», «Білім алушылардың тестілік құжаттарының көшіріліп алынуын тексеру туралы Ережесі» тәрізді құжаттармен регламенттеледі.
-----------------------------------	--

	Инклюзивті білім берудің негізгі принциптері. Университеттің білім беру ортасы гендерлік, нәсілдік/этникалық тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне, студенттің физикалық денсаулығына және т.б. қарамастан, оқытушы тарапынан барлық білім алушыларға және білім алушылардың бір-біріне әрқашан қолдау мен тең қарым-қатынас болатын қауіпсіз орын ретінде ойластырылған. Барлық адамдар құрдастары мен курстастарының қолдауы мен достығына мұқтаж. Барлық студенттер үшін жетістікке жету, мүмкін емес нәрселерден гөрі не істей алатындығы болып табылады. Өртүрлілік өмірдің барлық жақтарын күшейтеді. Барлық білім алушылар, әсіресе мүмкіндігі шектеулі жандар +77473339679/ toleeva.nazym@mail.ru немесе MS Teams; Zoom платформасы арқылы бейне байланыс жасап кеңестік көмек ала алады. МООС интеграциясы (massive openonline course). МООС-тың пәнге интеграциялануы жағдайында барлық білім алушылар МООС-қа тіркелуі қажет. МООС модульдерінің өту мерзімі пәнді оқу кестесіне сәйкес қатаң сақталуы керек. Назар салыңыз! Әр тапсырманың мерзімі пәннің мазмұнын іске асыру күнтізбесінде (кестесінде) көрсетілген, сондай-ақ МООС-та көрсетілген. Мерзімдерді сақтамау баллдардың жоғалуына әкеледі.
--	--

БІЛІМ БЕРУ, БІЛІМ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАНУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Оқу жетістіктерін есептеудің баллдық-рейтингтік әріптік бағалау жүйесі				Бағалау әдістері	
Баға	Баллдардың сандық баламасы	%мәндегі баллдар	Дәстүрлі жүйедегі баға	Критериалды бағалау –айқын әзірленген критерийлер негізінде оқытудың нақты қол жеткізілген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелерімен ара салмақтық процесі. Формативті және жиынтық бағалауға негізделген. Формативті бағалау –күнделікті оқу қызметі барысында жүргізілетін бағалау түрі. Ағымдағы көрсеткіш болып табылады. Білім алушы мен оқытушы арасындағы жедел өзара байланысты қамтамасыз етеді. Білім алушының мүмкіндіктерін айқындауға, қиындықтарды анықтауға, ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесуге, оқытушының білім беру процесін уақтылы түзетуге мүмкіндік береді. Дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар (пікірталастар, викториналар, жарысөздер, дөңгелек үстелдер, зертханалық жұмыстар және т.б.) кезінде тапсырмалардың орындалуы, аудиториядағы жұмыс белсенділігі бағаланады. Алынған білім мен құзыреттілік бағаланады. Жиынтық бағалау – пән бағдарламасына сәйкес бөлімді зерделеу аяқталғаннан кейін жүргізілетін бағалау түрі. БӨЖ орындаған кезде семестр ішінде 3-4 рет өткізіледі. Бұл оқытудан күтілетін нәтижелерін игеруді дескрипторлармен арақатынаста бағалау. Белгілі бір кезеңдегі пәнді меңгеру деңгейін анықтауға және тіркеуге мүмкіндік береді. Оқу нәтижелері бағаланады.	
A	4,0	95-100	Өте жақсы		
A-	3,67	90-94			
B+	3,33	85-89	Жақсы		
B	3,0	80-84			
B-	2,67	70-74			
C+	2,33	70-74			
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық	Формативті бағалау	
C-	1,67	60-64		% мәндегі баллдар	
D+	1,33	55-59		Дәрістердегі белсенділік 5	
D	1,0	50-54		Практикалық сабақтарда жұмыс істеуі 20	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз	Өзіндік жұмысы 25	
F	0	0-24		Жобалық және шығармашылық қызметі 10	
				Қорытынды бақылау (емтихан) 40	
				ЖИЫНТЫҒЫ 100	

Оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесі (кестесі). Оқытудың және білім берудің әдістері.

Аптасы	Тақырып атауы	Сағат саны	Макс. балл
	МОДУЛЬ 1		
	Мен және менің ортам		
	Өзім туралы		

1	ПС 1. 1. Сәлемдесу /Қоштасу 2. Танысу 3. Өз атыңызды айтыңыз Сіз кімсіз? Сен кімсің? Грамматика: Қазақ әліпбиі, төл дыбыстар.	3	7
2	ПС 2. 1. Ол кім? Бұл не? 2. Бар/Жоқ 3. Қайда Грамматика: Үндестік заңы, көптік жалғауы, сұраулық шылауларды ажырату Кім? Не?	3	8
3	ПС 3. 1. Кім қай елден келді? 2. Қашан келді? 3. Сандар әлемі Грамматика: Сұраулық шылаулар, үндестік заңы, көптік жалғауы	3	8
	ОБӨЖ 1. БӨЖ 1 орындау бойынша кеңес беру		
	БӨЖ 1 1. Аты-жөні, мемлекеті, қаласы, тілі, туралы ақпарат жазу; 2. Танысу (шағын сұхбат құрастыру); 3. Өз мемлекеті туралы шағын презентация жасау;		15
4	ПС 4. 1. Менің отбасым 2. Менің досым 3. Кімнің жасы нешеде? Грамматика: Тәуелдік жалғауы, жіктік жалғауы.	3	8
5	ПС 5. 1. Менің үйім 2. Менің бөлmem 3. Менің мекен жайым Грамматика: Тәуелдік жалғауы, сұрау есімдіктері: кім? не? кімнің? ненің?	3	8
	ОБӨЖ 2. БӨЖ 2 орындау бойынша кеңес беру		
	БӨЖ 2. 1. Отбасы, досы туралы ақпарат айту; 2. Бөлмесіндегі заттарды сипаттау.		15
МОДУЛЬ 2 Мен және менің оқуым Уақыт және мезгіл			
6	ПС 6. 1. Менің мінезім 2. Менің келбетім 3. Менің сүйікті кейіпкерлерім Грамматика: Тәуелдік жалғауы, жіктік жалғауы.	3	8
7	ПС 7. 1. Уақыт/Сағат. 2. Жыл, ай, апта, тәулік атаулары 3. Ауа райы Грамматика: Реттік сан есім. Жатыс септік: <i>қашан? қай айда? қай күні?</i> Шығыс, барыс септік формасы: <i>нешеден неше минут кетті, нешеге неше минут қалды?</i>	3	8
	ОБӨЖ 3. БӨЖ 3 орындау бойынша кеңес беру		
	БӨЖ 3 1. Жыл мезгілдері, ай, апта аттарын жатқа айту;		15

	2. «Маған ұнайтын мейрам» тақырыбында шағын әңгіме жазу; 3. Сүйікті кейіпкерінің суреті бойынша оны сипаттау.		
8	ПС 8. 1. Менің күн тәртібім 2. Қандай спортпен айналысасың? 3. Қандай спортшыларды білесің? Грамматика: Шығыс, барыс септік формасы: <i>нешеден неше минут кетті, нешегенеше минут қалды?</i> Дейін/кейін септеулік шылаулары. Көмектес септік: <i>немен жүру/бару.</i>	3	6
Аралық бақылау 1			100
9	ПС 9. 1. Қай жерде оқисың? 2. Менің университетім 3. Кітапханада Грамматика: : <i>етістік + у қажет/керек</i> құрылымы, көмектес септігі	3	7
10	ПС 10. 1. Мамандықтар әлемінде 2. Менің мамандығым 3. Менің жұмыс орным. Сенің мамандығың қандай? Қандай мамандықтарды білесің? Грамматика: <i>етістік + уға болады</i> құрылымы^сын есім тудырушы жұрнақтар:-лы/лі;-ды/ді;-ты/ті, сын есімнің сөйлемдегі орын тәртібі, <i>өйткені</i> жалғаулығы.	3	7
	ОБӨЖ 4. БӨЖ 4 орындау бойынша кеңес беру		
	БӨЖ 4 1. Мамандық туралы сөздік құру. Мамандық туралы коллаж жасау. «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында коллажды қорғау. 2. Өз оқу орны туралы ақпарат жинау. Ақпаратты пайдаланып, шағын презентация жасау.		15
	МОДУЛЬ 3 Мамандық және кәсіп		
	Жұмыс күні және бос уақыт, күнделікті өмір		
11	ПС 11. 1. Менің жұмыс күнім. 2. Демалыс күндері. 3. Хобби Грамматика: <i>жедел өткен</i> шақтың жекеше түрі, синонимдер, антонимдер	3	7
12	ПС 12. 1. Бос уақытты қалай жоспарлайсың? 2. Бос уақытың бар ма? Бос уақытта немен айналысасың? 3. Театрда. Грамматика: <i>жедел өткен</i> шақтың болымсыз түрі, сын есімнің салыстырмалы шырайы, <i>өйткені, себебі</i> жалғаулықтары.	3	7
	ОБӨЖ 4. БӨЖ 4 орындау бойынша кеңес беру		
	БӨЖ 4 1. Жұмыс күніне байланысты әрекеттерді жазу. Жұмыс күнін әңгімелеу. 2. Бос уақытта айналысатын ісі (хоббиі) туралы айту. Сүйікті ісі туралы презентация жасау.		15
13	ПС 13. 1. Азық-түлік дүкенінде. 2. Киім дүкенінде. 3. Базарда. Грамматика: <i>мен, бен, пен</i> шылауы, қанша? неше? сұраулы есімдіктері	3	7
14	ПС 14. 1. Тағам атаулары 2. Ұлттық тағамдар 3. Асханада	3	7

	Грамматика: Ілік септігі. Сын есімнің шырайлары. Етістіктің райлары (қалау рай).		
15	ПС 15 1. Денсаулық 2. Дене мүшелері 3. Емханада Грамматика: жедел өткен шақтың көпше түрі, сын есімнің асырмалы шырайы. <i>да/де, та/те</i> жалғаулық шылаулары	3	7
	ОБӨЖ 5. БӨЖ 5 орындау бойынша кеңес беру		
	БӨЖ 5 1. Көкөніс пен жеміс-жидек атауларына қатысты коллаж жасау, қорғау. 2. Рөлдік ойындар құру (кейстер бойынша). 3. Дәрігер мен емделуші арасындағы рөлдік сұхбат құру.		15
Аралық бақылау 2			100
Қорытынды бақылау (емтихан)			100
Пән үшін жиынтығы			100

Филология факультетінің деканы

Б.У.Джолдасбекова

Оқыту және білім беру сапасы бойынша
Академиялық комитетінің төрағасы

Ж.А. Сарсенбай

А.Байтұрсынұлы атындағы
Қазақ тіл білімі кафедрасының
меңгерушісі.

А.Ж.Амиров

Оқытушы

Н.Ә. Төлеева



ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ
ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

Әрбір жоспарланған жиынтық бағалау (БӨЖ) үшін оқытушының қалауы бойынша ресімделеді

ҮЛГІ (Шаблон)
Тапсырма атауы (100% Аралық бақылаудан% баллдар мөлшері, оқу курсының мазмұнын іске асыру күнтізбесінен (кестесінен)көшіру, оқыту және білім беру әдістері)

Критерийі	«Өте жақсы» % макс. салмағы	«Жақсы» % макс. салмағы	«Қанағаттанарлық» % макс. салмағы	«Қанағаттанарлықсыз» % макс. салмағы

Дайынұлгі 1(Пример 1).«Менің кәсіби тарихым» жазбаша тапсырмасы (АБ100%-ның 25%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Кәсіби сәйкестілік және мұғалімнің кәсібилігі теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Кәсіби сәйкестілік және мұғалімнің кәсібилігі теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігі туралы теориялар мен тұжырымдамаларды шектеулі түсіну. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) беріледі.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/ түсінбеушілік. Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер (дәйексөздер) берілмейді.
Кәсіби сәйкестілік және Қазақстан мұғалімдерінің кәсібилігі негізгі мәселелерін ұғынуы	Мұғалімнің кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігінің негізгі ұғымдарын Қазақстан мәнмәтінімен жақсы байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен тамаша негіздеу (мысалы, сұхбат немесе статистикалық талдау негізінде).	Мұғалімнің кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігінің негізгі ұғымдарын Қазақстан мәнмәтінімен байланыстырады. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен күшейтеді.	Мұғалімдердің кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігі тұжырымдамаларының Қазақстан мәнмәтінімен шектеулі байланысы. Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестігі тұжырымдамаларының Қазақстан мәнмәтінімен байланысы шамалы немесе жоқ. Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.
Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар	Қазақстанда мұғалімдердің кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігін арттыру бойынша сауатты саяси және/немесе практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады.	Қазақстанда мұғалімдердің кәсіби сәйкестігі мен кәсібилігін арттыру бойынша кейбір саяси және/немесе практикалық ұсынымдарды және ұсыныстарды ұсынады	Шектеулі саясат және практикалық ұсынымдар. Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз.	Саясат пен практикалық ұсынымдар немесе мүлдем жоқ немесе өте төмен сападағы ұсынымдар.
Жазу, APA style	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. APA style-ды қатаң ұстанады.	Жазу айқындықты, нақтылықты және дұрыстығын көрсетеді. Негізінен APA style-ды ұстанады.	Жазуда кейбір негізгі қателер бар және анықтықты жақсарту қажет. APA style-ды ұстануда қателіктер бар.	Жазғаны түсініксіз, мазмұнына ілесу қиын. APA style-ды ұстануда көптеген қателіктер бар.

Дайын үлгі 2 (Пример 2).«Қазақстандағы мұғалім кәсібі» топтық тұсаукесері (АБ 100%-ның 30%)

Критерий	«Өте жақсы» 20-25 %	«Жақсы» 15-20%	«Қанағаттанарлық» 10-15%	«Қанағаттанарлықсыз» 0-10%
Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды терең түсіну.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі теориялары мен тұжырымдамаларын түсінуі.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі теориялары мен тұжырымдамаларын шектеулі түсінуі.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен мұғалімнің кәсібилігі туралы теорияларды, тұжырымдамаларды үстірт түсіну/түсінбеушіліктің жоқтығы.
Қазақстандағы мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен мұғалім кәсібінің негізгі мәселелері туралы хабардар болу	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен мұғалім кәсібінің негізгі ұғымдарының Қазақстан мәнмәтінімен сауатты арақатынасы. Аргументтерді эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен өте жақсы негіздеу (мысалы, сұхбат немесе статистикалық талдау негізінде).	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі мен мұғалім кәсіби тұжырымдамаларының Қазақстан мәнмәтінімен байланысы бар. Аргументтер эмпирикалық зерттеудің дәлелдерімен расталады.	Мұғалімдердің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігі тұжырымдамаларының Қазақстан мәнмәтінімен шектеулі байланысы. Эмпирикалық зерттеулердің дәлелдерін шектеулі қолдану.	Мұғалімнің кәсіби сәйкестілігі тұжырымдамаларының Қазақстан мәнмәтінімен байланысы шамалы немесе жоқ. Эмпирикалық зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбайды.
Сынамалы зерттеулер	Тұсаукесердесынамалы зерттеу нәтижелерін (сұхбат немесе сауалнама) өте жақсы пайдалану.	Тұсаукесердесынамалы зерттеу нәтижелерін (сұхбат немесе сауалнама) жақсы пайдалану.	Тұсаукесердесынамалы зерттеу нәтижелерін (сұхбат немесе сауалнама) қанағаттанарлықтай пайдалану.	Тұсаукесердесынамалы зерттеу нәтижелерін (сұхбат немесе сауалнама) нашар пайдалану.
Саясат ұсынысы немесе практикалық ұсынымдар / ұсыныстар	Қазақстанда мұғалімдердің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігін арттыру бойынша сауатты саяси және/немесе практикалық ұсынымдар мен ұсыныстар ұсынады.	Қазақстанда мұғалімдердің кәсіби сәйкестілігі мен кәсібилігін жақсарту бойынша кейбір саяси және/немесе практикалық ұсынымдардыжәне ұсыныстарды ұсынады	Шектеулі саясат және практикалық ұсынымдар.Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз.	Саясат пен практикалық ұсынымдаранемесе мүлдем жоқ немесе.өте төмен сападағы ұсынымдар.
Тұсаукесер, Топтық жұмыс	Өте жақсы, тартымды тұсаукесер, визуалды эффектілердің, слайдтардың, материалдардың тамаша сапасы, керемет топтық жұмыс.	Жақсы тартымдылық, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың жақсы сапасы, командалық жұмыстың жақсы деңгейі.	Тартымдылық деңгейінің қанағаттанарлығы, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың қанағаттанарлық сапасы, командалық жұмыстың қанағаттанарлық деңгейі.	Тартымдылық деңгейінің төмендігі, визуалды эффектілердің, слайдтардың немесе басқа материалдардың төмен сапасы, командалық жұмыстың төмен деңгейі.